

Ақмола облысы  
Зеренді ауданы  
Елікті ауылының  
ЖОББМ КММ-нің жанындағы  
«Арман» шағын орталығы

**«Арман» шағын орталығының  
2025-2026 оқу жылының жарты жылдық сараптамасы.**

2025-2026 оқу жылы

## **Кіріспе**

2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында балабақшада оқу-тәрбие жұмыстары Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартына және бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Жұмыстың негізгі мақсаты – балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату, сондай-ақ «Адал азамат» бағдарламасы аясында ұлттық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

### **Мақсаттар мен міндеттер:**


2025-2026 жаңа оқу жылғы «Арман»шағын орталығы жылдық жоспарға сәйкес негізгі жылдық міндеттерге сүйене отырып жұмыс жасайды. Жыл бойы күн тәртібі және балаларға, шағын орталыққа қойылған барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталынады. Жоспарға сай әр баланың және жалпы топтың дамуының оң қарқынын растаған тәрбиеленушілерге медициналық ,педогогикалық тексеру жүргізіледі. Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау ережелері бойынша нұсқаулықтар; лауазымдық нұсқаулықтар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес , педагогтардың әдістемелік бірлестігі, бастауыш пен шағын орталық арасындағы сабақтастық, басқарушы кеңес, «Бір тұтас тәрбие , ата-аналар жиналысы туралы ережелер, консультативтік пункт жұмысы, «Адал азамат » бағыты бойынша атқарылатын жұмыстар, Білім беру ұйым қызметкерлеріне еңбек ақы төленудің жаңа жүйесі туралы ереже және басқа да нормативтік-құқықтық актілер, шағын орталықтың тәрбие мен оқытылуы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес баланы дамытудың типтік бағдарламасымен және педагогикалық технологиямен үйлеседі.

### **Келесі міндеттер арқылы іске асырылады:**

- 1, Адами қарым-қатынаста бағдарлай білуді қалыптастыру
- 2, Басқа халықтарға, олардың дәстүрлеріне деген құрмет сезімін қалыптастыру.
3. Балалардың дене және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту жөніндегі жұмыстар жасау
4. Мектепке дейінгі балалардың тікелей білім беру қызметінде және кешенді тәсіл негізінде жобалармен жеке жұмыста сөйлеу және коммуникативтік біліктерін дамытуды жалғастыру.

5. Баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін тәрбиенелушілердің отбасымен өзара іс-қимыл жасау.

6. Білім беру саласын интеграциялау арқылы мектепке дейінгі балалардың тіршілік қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру. 2025-2026 оқу жылы «Арман» шағын орталығында 2-4 жас аралығында 30 бүлдіршін қабылданып тәрбиеленуде. Шағын орталықта екі топ жұмыс жасайды. Ересек «Балдырған» тобы. Топ тәрбиешілері Камбарова А.А. және Рашатхан Г. Кіші «Балапан» топ тәрбиешілері Жунусова К.Ж. Балкожинова А.К. Әр топта 15 бүлдіршін тәрбиеленуде. Балалар НОВД және Акмола.kz сайтарына тіркелген. Тәрбиелеу бағдарламасы балалардың жас ерекшеліктері мен танымын ескере отырып орындалады, ата-аналар жиналысы, балалармен мектептен тыс өтізілетін іс-шаралар өткізіледі. Мектеп бойынша өтетін іс-шараларға және мерекелік шағын бағдарламаларына балалармен бірге ата-аналарда белсене қатысады.



Кеңес беру бұрышының жұмысына сараптама

Кеңес беру бұрышы ата-аналар үшін жүйелі түрде ұйымдастырылып, ай сайын жаңартылып отырды. Онда баланың балабақшаға бейімделуі, жас ерекшелігіне сай тәрбие беру, күн тәртібін сақтау, қауіпсіздік ережелері, ұлттық құндылықтар, ата-ананың бала

тәрбиесіндегі рөлі тақырыптары қамтылды. Көрнекіліктер, жадынамалар мен кеңестер ата-аналарға қолжетімді әрі түсінікті түрде ұсынылды.

### Жас ата-аналармен жүргізілген жұмыс

Жас ата-аналармен жұмыс жоспарлы және жүйелі түрде жүзеге асырылды. Ата-аналар жиналыстары, жеке және топтық кеңестер, ашық есік күндері ұйымдастырылды.

Педагогикалық-психологиялық кеңестер беріліп, ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі артты.



### Жылдық жоспардың орындалуы

Жылдық жоспарға сәйкес барлық оқу-тәрбие жұмыстары уақтылы және сапалы орындалды. Балалардың танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуына бағытталған оқу қызметтері өткізілді. Тәрбие жұмыстары балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылды.

Тілдер күні мектепалды даярлық сыныптарымен тәрбие сағаты өткізілді.



Кішкентай бүлдіршіндер қарттар күніне орай әжелерін қуантуда.

Мақсаты:

- Балаларды ата-әжелерін құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу.
- Қарияларға қуаныш сыйлау.
- Отбасылық дәстүрді жалғастыру.



25-ші қазан Республика күні Қазақстан еліне саяхат жасап балалармен видео ролик түсірілді.



Алтын күз мерекесі Арман шағын орталығының тәрбиеленушілері мен даярлық сыныптары арасында ерекше көңіл-күймен аталып өтті.



Тәуелсіздік күні балаларға Отан,туған жер,Республика туралы түсінік беру,елін сүюге тәуелсіздікті құрметтеуге тәрбиелеу.



Арман шағын орталығының бүлдіршіндері мен мектепалды даярлық қазақ және орыс сынып оқушылары арасында “Қош келдің, Жаңа жыл” атты ертеңгілігіміз өтті. Балалар мен ата-аналарға Жаңа жыл мерекесінің шаттыққа толы атмосферасын сезіндіру, отбасылық құндылықтарды нығайту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ата-аналар мен балалар арасындағы өзара қарым-қатынасты күшейту. Ұжымдық ойындар арқылы бірлікке, ынтымақтастыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.



## «Адал азамат» бағыты бойынша атқарылған жұмыстар

«Адал азамат» бағыты аясында балаларға адалдық, әділдік, жауапкершілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет, отансүйгіштік қасиеттерін дарыту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Тақырыптық әңгімелер, рөлдік ойындар, көріністер мен күнделікті тәрбие жұмыстары ұйымдастырылды.

## Өткізілген іс-шаралар

- «Алтын күз» мерекелік іс-шарасы
- Республика күніне арналған тәрбие сағаты
- Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік шара
- «Адал азамат» тақырыбындағы тәрбиелік сағаттар
- Қысқы спорттық ойын-сауықтар
- Ашық оқу қызметтері
- Жас ата-аналарға арналған кеңес беру кездесулері
- Қауіпсіздік ережелері бойынша түсіндіру жұмыстары



## Қорытынды

Жарты жылдықта жоспарланған жұмыстар толық орындалып, оң нәтиже көрсетті. Балалардың даму деңгейінде айқын ілгерілеу байқалды, ата-аналармен байланыс нығайды. Алдағы оқу кезеңінде ата-аналармен жұмысты жандандырып, «Адал азамат» бағыты бойынша тәрбиелік жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда.